

## Өскемен қаласының 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қалалық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы N 13/2-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 28 желтоқсанда № 2789 болып тіркелді. Қаржылық жылдың аяқталуына байланысты күші жойылды (Өскемен қалалық мәслихатының 2014 жылғы 06 қаңтардағы № 04-05/1 хаты)

Ескерту. Қаржылық жылдың аяқталуына байланысты күші жойылды (Өскемен қалалық мәслихатының 06.01.2014 № 04-05/1 хаты).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1 тармағының 1) тармақшасына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 8 /99-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қаланың 2013-2015 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес тиісінше, соның ішінде 2013 жылға арналған келесі көлемдерде бекітілсін :

- 1) кірістер – 24 048 970,6 мың теңге, соның ішінде:
  - салық түсімдер – 11 400 526 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 196 282 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1 935 150 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері – 10 517 012,6 мың теңге;
- 2) шығындар – 25 802 012,1 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік несиелендіру – 0;
- 4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 78 021 мың теңге,  
с о н ы ң і ш і н д е :
  - қаржы активтерін сатып алу – 116 894 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 38 873 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы – -1 831 062,5 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 1 831 062,5 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 11.12.2013 № 24/2-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Өскемен қаласының 2013 жылға арналған бюджетінде облыстық бюджеттен Өскемен қаласының бюджетіне берілетін бюджеттік субвенциялар – 0. Өскемен қаласының бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік қайтарып алулардың көлемі – 0.

3. 2013 жылға арналған Өскемен қаласының жергілікті атқарушы органының резерві 7 928 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 05.11.2013 № 23/2-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4. 2013 жылға Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «2013-2015 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 8 /99-V (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2781 нөмірімен тіркелген) шешіміне сәйкес кірістерді бөлу нормативтері есепке алынсын:

1) төлем көзінен салынатын, кірістерден ұсталатын жеке табыс салығы – 21,7 %, төлем көзінен салынбайтын - 100 %;

2) төлем көзінен салынатын, шетел азаматтарының кірістерінен ұсталатын жеке табыс салығы – 21,7 %; төлем көзінен салынбайтын - 100 %;

3) әлеуметтік салық – 21,7 %.

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 2, 3 тармақтарына сәйкес, ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет салаларының азаматтық қызметшілеріне бюджет қаражаты есебінен қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда 25 % жоғарылатылған лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының тізбесін жергілікті өкілді органмен келісім бойынша жергілікті атқарушы орган айқындайды.

6.«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5 тармағына, Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының «Азаматтардың кейбір санаттарына төленетін әлеуметтік көмектің мөлшері туралы» 2009 жылғы 16 қазандағы № 15/209-IV (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2515 нөмірімен тіркелген) шешімінің 1 тармағына сәйкес Өскемен қаласының 2013 жылға арналған бюджетінде ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік

денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт, ұйымдарының мамандарына есептеуден 7 200 теңге есеппен отын сатып алуға қ а р а ж а т қ а р а с т ы р ы л с ы н .

7. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 1 тармағының 2 тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 7 шілдедегі Заңының 6-бабының 4 тармақшасына сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап Өскемен қаласының 2013 жылға арналған бюджетінде 2013 жылғы 1 маусымнан 31 тамыз аралығындағы жаз кезеңін алып тастағанда, күндізгі оқу түрінде оқитын университеттер студенттеріне және колледждер, кәсіптік лицейлер мен кәсіптік мектептер оқушыларына қоғамдық көлікте (такси мен трамвайдан басқа) жеңілдікпен жол жүру үшін жол жүру билеттерінің құнын 1 500 теңге есебінен өтеуге қаражат қарастырылсын.

8. 4 қосымшаға сай Өскемен қаласының 2013 жылға арналған бюджетінің орындалу үдерісінде секвестрлеуге жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тізбесі бекітілсін.

9. 5 қосымшаға сай Меновной ауылдық округі әкімі аппаратының бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бекітілсін.

10. Осы шешім 2013 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Кикина*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*В. Головатюк*

Өскемен қалалық мәслихаттың  
2012 жылғы 21 желтоқсандағы  
№ 13/2-V шешіміне 1 қосымша

## **2013 жылға арналған Өскемен қаласының Бюджеті**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 11.12.2013 № 24/2-V (01.01.2013 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

| Санаты |         |                   | Сомасы,<br>мың теңге |
|--------|---------|-------------------|----------------------|
| Сынып  |         |                   |                      |
|        | Сыныпша |                   |                      |
|        |         | Атауы             |                      |
|        |         | I. КІРІСТЕР       | 24 048 970,6         |
| 1      |         | Салықтық түсімдер | 11 400 526           |
|        | 01      | Табыс салығы      | 4 160 559            |
|        | 2       | Жеке табыс салығы | 4 160 559            |
|        | 03      | Әлеуметтік салық  | 2 532 090            |

|    |    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |           |
|----|----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|    | 1  | Әлеуметтік салық                                                                                                                                                                                                                                                                                      | 2 532 090 |
| 04 |    | Меншікке салынатын салықтар                                                                                                                                                                                                                                                                           | 3 591 220 |
|    | 1  | Мүлікке салынатын салықтар                                                                                                                                                                                                                                                                            | 2 218 539 |
|    | 3  | Жер салығы                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 542 334   |
|    | 4  | Көлік құралдарына салынатын салық                                                                                                                                                                                                                                                                     | 830 000   |
|    | 5  | Бірыңғай жер салығы                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 347       |
| 05 |    | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар                                                                                                                                                                                                                                       | 644 258   |
|    | 2  | Акциздер                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 262 240   |
|    | 3  | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер                                                                                                                                                                                                                                   | 95 108    |
|    | 4  | Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар                                                                                                                                                                                                                                     | 251 910   |
|    | 5  | Ойын бизнесіне салық                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 35 000    |
| 08 |    | Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер                                                                                                                                | 472 399   |
|    | 1  | Мемлекеттік баж                                                                                                                                                                                                                                                                                       | 472 399   |
| 2  |    | Салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                                | 196 282   |
| 01 |    | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер                                                                                                                                                                                                                                                                | 90 473    |
|    | 1  | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері                                                                                                                                                                                                                                           | 13 632    |
|    | 3  | Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер                                                                                                                                                                                                                                 | 29 126    |
|    | 4  | Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғалардағы қатысу үлесіне кірістер                                                                                                                                                                                                                                     | 473       |
|    | 5  | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер                                                                                                                                                                                                                                          | 47 242    |
| 03 |    | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері                                                                                                                                                                 | 240       |
|    | 1  | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері                                                                                                                                                                 | 240       |
| 04 |    | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар                                                          | 63 000    |
|    | 1  | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 63 000    |
| 06 |    | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                       | 42 569    |
|    | 1  | Басқа да салықтық емес түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                                       | 42 569    |
| 3  |    | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                                                                                                                                                                                                                                                            | 1 935 150 |
|    | 01 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                                                                                                                                                           | 1 612 500 |
|    | 1  | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату                                                                                                                                                                                                                                           | 1 612 500 |
|    | 03 | Жерді және материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                                                                                                                                           | 322 650   |
|    | 1  | Жерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                                            | 259 150   |
|    | 2  | Материалдық емес активтерді сату                                                                                                                                                                                                                                                                      | 63 500    |

|                   |            |                                                                                                                                                                                                                            |                            |
|-------------------|------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| 4                 |            | Трансферттердің түсімдері                                                                                                                                                                                                  | 10 517 012,6               |
|                   | 02         | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер                                                                                                                                                     | 10 517 012,6               |
|                   | 2          | Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер                                                                                                                                                                                    | 10 517 012,6               |
| Функционалдық топ |            |                                                                                                                                                                                                                            |                            |
|                   | Әкімгерлер |                                                                                                                                                                                                                            | С о м а с ы ,<br>мың теңге |
|                   | Бағдарлама |                                                                                                                                                                                                                            |                            |
|                   |            | Атауы                                                                                                                                                                                                                      |                            |
|                   |            | II. ШЫҒЫНДАР                                                                                                                                                                                                               | 25 802 012,1               |
| 01                |            | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер                                                                                                                                                                                      | 317 134                    |
|                   | 112        | Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты                                                                                                                                                                     | 23 932                     |
|                   |            | 001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                              | 22 932                     |
|                   |            | 003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                 | 1 000                      |
|                   | 122        | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                         | 197 373                    |
|                   |            | 001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер                                                                                                                                  | 186 359                    |
|                   |            | 003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                 | 11 014                     |
|                   | 452        | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі                                                                                                                                                                        | 48 935                     |
|                   |            | 001 Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                         | 40 459                     |
|                   |            | 003 Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу                                                                                                                                                                        | 4 196                      |
|                   |            | 010 Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу                                                                                                    | 2 848                      |
|                   |            | 018 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                 | 964                        |
|                   |            | 033 Бір жолғы талондарды жүзеге асырудан сомалар түсімінің толықтығын қамтамасыз ету және бір жолғы талондарды беру бойынша жұмыстарды өткізетін, мемлекеттік мекемені жою бойынша шараларды өткізу                        | 468                        |
|                   | 453        | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі                                                                                                                                           | 46 894                     |
|                   |            | 001 Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                        | 38 915                     |
|                   |            | 004 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                 | 5 166                      |
|                   |            | 061 Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы іске асырылуы жоспарланатын бюджеттік инвестициялардың бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне экономикалық сараптамасы | 2 813                      |
| 02                |            | Қорғаныс                                                                                                                                                                                                                   | 32 068                     |
|                   | 122        | Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты                                                                                                                                                                         | 32 068                     |
|                   |            | 005 Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар                                                                                                                                                          | 32 068                     |
| 03                |            | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі                                                                                                                                                      | 90 290                     |

|    |     |     |                                                                                                                                                                                                                     |             |
|----|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    | 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                          | 90 290      |
|    |     | 021 | Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету                                                                                                                                                             | 90 290      |
| 04 |     |     | Білім беру                                                                                                                                                                                                          | 8 204 776,7 |
|    | 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                 | 8 204 776,7 |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                      | 26 069      |
|    |     | 003 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                                                    | 5 230 347   |
|    |     | 005 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                                                        | 80 222      |
|    |     | 006 | Балаларға қосымша білім беру                                                                                                                                                                                        | 586 355,7   |
|    |     | 009 | Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету                                                                                                                                                               | 808 987     |
|    |     | 015 | Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері  | 89 708      |
|    |     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                                              | 1 172 246   |
|    |     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                               | 193 558     |
|    |     | 068 | Халықтың компьютерлік сауаттылығын арттыруды қамтамасыз ету                                                                                                                                                         | 17 284      |
| 06 |     |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                      | 969 116     |
|    | 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                          | 951 116     |
|    |     | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                              | 77 998      |
|    |     | 002 | Еңбекпен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                         | 94 348      |
|    |     | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 555         |
|    |     | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                 | 7 250       |
|    |     | 006 | Тұрғын үй көмегі                                                                                                                                                                                                    | 21 200      |
|    |     | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                             | 319 371     |
|    |     | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                         | 2 348       |
|    |     | 013 | Белгіленген тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу                                                                                                                                                      | 64 100      |
|    |     | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                    | 206 165     |
|    |     | 016 | 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар                                                                                                                                                                 | 5 300       |
|    |     | 017 | Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету                                | 39 802      |

|     |     |                                                                                                                                                                                                                   |             |
|-----|-----|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|     | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                            | 110 920     |
|     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                             | 1 759       |
| 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                               | 18 000      |
|     | 008 | Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау | 18 000      |
| 07  |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                  | 11 249 353  |
| 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                        | 3 742 239,5 |
|     | 002 | Мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерін алып қою, соның ішінде сатып алу жолымен алып қою және осыған байланысты жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру                                                        | 50 000      |
|     | 003 | Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру                                                                                                                                                               | 69 079      |
|     | 012 | Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі                                                                                                                                                                | 11 826      |
|     | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                                                                                                                          | 526 936,1   |
|     | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету                                                                                                                                                                      | 174 567     |
|     | 017 | Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқтарды жерлеу                                                                                                                                                           | 31 901,6    |
|     | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру                                                                                                                                                                     | 698 798     |
|     | 028 | Коммуналдық шаруашылықты дамыту                                                                                                                                                                                   | 222 815,6   |
|     | 029 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту                                                                                                                                                                     | 1 952 316,2 |
|     | 033 | Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу                                                                                                                     | 4 000       |
| 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                                                             | 7 507 113,5 |
|     | 003 | Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау, салу және (немесе) сатып алу                                                                                                                       | 4 550 027,4 |
|     | 004 | Инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу                                                                                                                     | 2 774 237,3 |
|     | 007 | Қаланы және елді мекендерді абаттандыруды дамыту                                                                                                                                                                  | 1 500,1     |
|     | 072 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде тұрғын жай салу және (немесе) сатып алу және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымдарды дамыту және (немесе) сатып алу дамыту (немесе) сатып алу                     | 181 348,7   |
| 08  |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік                                                                                                                                                                  | 1 490 878,5 |
| 455 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                                                                       | 316 089     |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                               | 19 236      |
|     | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау                                                                                                                                                                                     | 181 399     |
|     | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі                                                                                                                                                                   | 97 931      |
|     | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту                                                                                                                                            | 9 606       |
|     | 010 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                                                         | 660         |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                             | 7 257       |

|     |     |                                                                                                                                                                           |           |
|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| 456 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі                                                                                                                 | 124 275   |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 21 262    |
|     | 002 | Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                                   | 39 880    |
|     | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру                                                                                                                          | 30 405    |
|     | 005 | Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                              | 29 266    |
|     | 006 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                 | 77        |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                     | 3 385     |
| 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                   | 790 737,3 |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                             | 13 376    |
|     | 004 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                 | 4 265     |
|     | 005 | Ұлттық және бұқаралық спорт түрлерін дамыту                                                                                                                               | 170 397,3 |
|     | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу                                                                                                  | 15 305    |
|     | 007 | Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы                   | 582 894   |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                     | 4 500     |
| 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                     | 259 777,2 |
|     | 008 | Спорт және туризм объектілерін дамыту                                                                                                                                     | 250 907,2 |
|     | 011 | Мәдениет объектілерін дамыту                                                                                                                                              | 8 870     |
| 10  |     | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары                                    | 94 164,1  |
| 463 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі                                                                                                             | 44 947,6  |
|     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                        | 36 747,6  |
|     | 007 | Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары                                                                                                                                 | 8 200     |
| 467 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі                                                                                                                     | 2 601,5   |
|     | 010 | Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту                                                                                                                                      | 2 601,5   |
| 474 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі                                                                                           | 37 030    |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                     | 27 666    |
|     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                    | 260       |
|     | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру                                                                                                              | 4 500     |
|     | 013 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу                                                                                                                                      | 4 604     |



|    |     |                                                                                                                                                                      |             |
|----|-----|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|
|    | 475 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі                                                                         | 9 585       |
|    |     | 007 Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру                                                                                                     | 4 500       |
|    |     | 013 Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу                                                                                                                             | 5 085       |
